

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1173 және 1998 жылғы 24 маусымдағы N 592 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 қарашадағы N 1148 қаулысы

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлудің және жалдаудың тетігін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер **енгізілсін:**

1. "Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйді жалдаудың үлгі шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1173 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 34, 315-құжат):

аталған қаулымен бекітілген, Ақмола қаласына көшірілуге жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйді жалдаудың үлгі шартында:

атауындағы және мәтініндегі "Ақмола" деген сөздер "Астана" деген сөздермен **ауыстырылсын;**

"VI. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді сатып алу кезіндегі шарттар" деген **тарау алынып тасталсын.**

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.07.2013 № 673 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі